## 51-ші Халықаралық математикалық олимпиадаға дайындалу және оны өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2010 жылғы 21 қаңтардағы № 10-ө Өкімі

2010 жылғы 6 - 17 шілде аралығында Астана қаласында 51-ші Халықаралық математикалық олимпиадаға (бұдан әрі - Математикалық олимпиада) дайындалу және оны өткізу мақсатында:

1. Қоса беріліп отырған:

1) Математикалық олимпиадаға дайындалу және оны өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетінің құрамы;

2) Математикалық олимпиадаға дайындалу және оны өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Мемлекеттік органдар Жоспарда көзделген іс-шаралардың тиісінше және уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі 2010 жылғы 1 қазанға дейін Қазақстан Республикасының Үкіметіне Математикалық олимпиаданың қорытындылары туралы ақпарат берсін.

4. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне жүктелсін.

*Премьер-Министр* *К. Мәсімов*

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2010 жылғы 21 қаңтардағы
№ 10-ө өкімімен
бекітілген

## 51-ші Халықаралық математикалық олимпиадаға дайындалу және оны өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетінің құрамы

Түймебаев Жансейіт Қансейітұлы - Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі, төраға

Тасмағамбетов Иманғали Нұрғалиұлы - Астана қаласының әкімі, төрағаның орынбасары

Сарыбеков Махметғали Нұрғалиұлы - Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі, төрағаның орынбасары

Битуова Тілдаш Рысқұлбекқызы - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының директоры, хатшы

**Ұйымдастыру комитетінің мүшелері**

Досқалиев Жақсылық Ақмырзаұлы - Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі

Құсайынов Әбілғазы Қалиақпарұлы - Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрі

Құл-Мұхаммед Мұхтар Абрарұлы - Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрі

Баймағанбетов Серік Нұртайұлы - Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі

Сұлтанов Бақыт Тұрлыханұлы - Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі

Омаров Қайрат Ермекұлы - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің орынбасары

Есекеев Қуанышбек Бақытбекұлы - Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігінің төрағасы

Жұмағалиев Асқар Қуанышұлы - «Қазақтелеком» акционерлік қоғамының Басқарма төрағасы (келісім бойынша)

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2010 жылғы 21 қаңтардағы № 10-ө өкімімен бекітілген

## 51-ші Халықаралық математикалық олимпиадаға дайындалу және оны өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары

| Р/с № | Атауы | Орындалу мерзімі | Жауапты орындаушылар | Қаржыландыру көзі |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 1. | Математикалық олимпиадаға дайындалу және оны өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетінің және хатшылықтың қызметін ұйымдастыру | 2010 жылғы қаңтар - шілде | БҒМ | РБ 010 бағдарлама |
| 2. | Материалдық-техникалық базаны дайындау | 2010 жылғы қаңтар - наурыз | БҒМ | РБ 010 бағдарлама |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 3. | Дайындық тапсырмаларын шешу жолдарымен әзірлеу және оларды ағылшын тіліне аудару | 2010 жылғы қаңтар - ақпан | БҒМ | РБ 010 бағдарлама |
| 4. | Шешу жолдары берілген ағылшын тіліндегі дайындық тапсырмалар жинағын Математикалық олимпиадаға қатысушы елдерге жіберу | 2010 жылғы қаңтар - ақпан | БҒМ | РБ 010 бағдарлама |
| 5. | Математикалық олимпиаданың турларына арналған материалдар жинақтау | 2010 жылғы қаңтар - наурыз | БҒМ | РБ 010 бағдарлама |
| 6. | Олимпиаданың баспасөз орталығының қызметін ұйымдастыру, Математикалық олимпиаданың веб-порталын құру және оның жұмыс істеуі | 2010 жылғы қаңтар - шілде | БҒМ | РБ 010 бағдарлама |
| 7. | Математикалық олимпиаданың халықаралық ұйымдастыру комитетінің алдын ала отырысын өткізу | 2010 жылғы қаңтар | БҒМ | РБ 010 бағдарлама |
| 8. | Математикалық олимпиаданың қызметін қамтамасыз ету үшін жабдықтар, техникалық құралдар, кеңсе тауарларын сатып алу | 2010 жылғы қаңтар - маусым | БҒМ | РБ 010 бағдарлама |
| 9. | Математикалық олимпиаданың эмблемасы мен медальдарының эскиздерін әзірлеуді, кәдесыйлар, жарнама өнімдерін және сертификаттар дайындауды ұйымдастыру | 2010 жылғы қаңтар - маусым | БҒМ | РБ 010 бағдарлама |
| 10. | Ресми адамдар мен Математикалық олимпиадаға қатысушылар тұратын, іс-шаралар өткізілетін орындарда қоғамдық тәртіпті, олардың қауіпсіздігін, сондай-ақ қозғалыс бағыты бойынша бірге жүруді қамтамасыз ету | 2010 жылғы ақпан - маусым | БҒМ, ІІМ, Астана қаласының әкімдігі | РБ 010 бағдарлама |
| 11. | Математикалық олимпиадаға қатысушыларға мәдени-экскурсиялық бағдарламаларды әзірлеу және қызмет көрсетуді ұйымдастыру | 2010 жылғы ақпан - маусым | БҒМ, МАМ, Астана қаласының әкімдігі | РБ 010 бағдарлама |
| 12. | Математикалық олимпиадаға қатысушылардың (қазылар алқасы, жетекшілер, оқушылар) жатын орындарын, тамақтануын ұйымдастыру | 2010 жылғы ақпан - шілде | БҒМ, ДСМ, Астана қаласының әкімдігі | РБ 010 бағдарлама |
| 13. | Математикалық олимпиадаға қатысушыларға медициналық қызмет көрсетуді, Математикалық олимпиадаға қатысушылар тұратын орындарға медициналық персоналдың кезекшілігін ұйымдастыру | 2010 жылғы ақпан - шілде | БҒМ, ДСМ | РБ 010 бағдарлама |
| 14. | Математикалық олимпиаданы өткізу кезінде делегацияларға ілесіп жүру, аудармашы-гидтердің қызметін қамтамасыз ету | 2010 жылғы шілде | БҒМ | РБ 010 бағдарлама |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 15. | Математикалық олимпиаданың ашылу және жабылу салтанатты рәсімдерін өткізу сценарийін әзірлеу | 2010 жылғы ақпан - мамыр | БҒМ, МАМ | РБ 010 бағдарлама |
| 16. | Кітапшалар шығару: «Қазақстанның әйгілі математик ғалымдары», «Қазақстанның жаратылыстану ғылымдары саласындағы жетістіктері», «Халықаралық математикалық олимпиадалар» | 2010 жылғы наурыз | БҒМ | РБ 010 бағдарлама |
| 17. | Халықаралық қазылар алқасының және команда жетекшілерінің қызметін қамтамасыз ету үшін үй-жайларды техникалық жабдықтау, сервер және жұмыс станциялары бар ақпараттық есептеу желісін құру | 2010 жылғы шілде | БҒМ | РБ 010 бағдарлама |
| 18. | Математикалық олимпиадаға қатысушы елдердің елшіліктерімен байланысты қамтамасыз ету | 2010 жылғы қаңтар - шілде | БҒМ, СІМ | РБ 010 бағдарлама |
| 19. | Математикалық олимпиадаға қатысушыларды күтіп алуды және шығарып салуды ұйымдастыру | 2010 жылғы шілде | БҒМ, Астана қаласының әкімдігі | РБ 010 бағдарлама |
| 20. | Математикалық олимпиаданың қорытынды есебін қатысушы елдерге тарату | 2010 жылғы шілде - қараша | БҒМ | РБ 010 бағдарлама |

**Ескерту: аббревиатуралардың толық жазылуы:**
БҒМ - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
ІІМ - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі
МАМ - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі
ДСМ - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі
СІМ - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі
Математикалық олимпиада - 51-ші Халықаралық математикалық олимпиада
РБ 010 бағдарлама - Республикалық бюджет: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 010 «Республикалық мектеп олимпиадаларын, конкурстарды, республикалық маңызы бар мектептен тыс іс-шараларды өткізу» бағдарламасы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК